



## БҰЙРЫҚ

27 мамыр 2019

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 431

город Караганда

**2019 жылғы жазғы маусымда  
балалар мен жасөспірімдердің  
демалысын, сауықтырылуын,  
жұмыспен қамтылуын  
ұйымдастыру туралы**

«2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 11 мамыры №36-р Өкімі, «2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы №37/08 Қаулысы, «Жазғы каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қарағанды қаласы әкімдігінің, 2019 жылдың 16 мамыры №25/13 Қаулысы негізінде 2019 жылғы жазғы каникул кезеңінде балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дене бітімі жағынан және шығармашылық дамуы мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды қаласы білім ұйымдарының басшылары:

1) білім ұйымдарында, қосымша білім ұйымдарында тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы лагерьлерде балалардың бос уақытын ұйымдастырсын;

2) балалар мен жеткіншектердің демалысы, сауықтырылуы, жұмыспен қамтылуы жөніндегі «Жаз - 2019» бағдарламасын бекітсін;

3) бағдарламаны жүзеге асыруға іс-шаралар жоспарын дайындап, бекітсін;

4) басым тәртіпте жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылар балаларының, мүгедек және даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларының сауықтыру демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

5) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес абаттандыру және көгалдандыру жасақтарында балалардың жұмыспен қамтылуын жүзеге асырсын;

000023